

ҚОҢЫРАТБАЕВА

**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ ТІЛІНДЕГІ  
ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР**

**Жанар ҚОҢЫРАТБАЕВА**

**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ ТІЛІНДЕГІ  
ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР**



**АРЫС**

Алматы

2005

ББК 81.2 Каз  
Қ 65

Жауапты редакторы:

ҚАЛИЕВ Ғ., филология ғылымдарының докторы, профессор

Пікір жазғандар:

ШАЛАБАЙ Б., филология ғылымдарының докторы, профессор  
УӘЛИҰЛЫ Н., филология ғылымдарының кандидаты

Қ 65. Қоңыратбаева Ж. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдер. Оқу құралы. – Алматы. “Арыс” баспасы, 2005. – 166 бет.

ISBN 9965-17-269-2

Кітапта XX ғасыр басындағы қазақ прозасы тілі құрылымдық жүйесінің көркемдігін танытатын тілдік бірлік – фразеологизмдер, олардың әдеби тілдік сипаты, онда баспасөздің алатын орны, фразеологизмдердің семантика-грамматикалық құрылымы, Абай тілі дәстүрінің алғашқы қазақ жазушылары тілінде жаңғыртыла дамуы және авторлық үлгілері баяндалады.

Кітап студенттерге, мамандарға, жалпы көпшілік қауымға арналған.

ББК 81.2 Каз

Қ 4602020400  
446 (05) - 05

ISBN 9965-17-269-2

© “Арыс”, 2005

## КІРІСПЕ

Тіл — ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық қазына. Халық өміріндегі тарихи бел-белестер, ұлы өзгерістер, “ақтаңдақтар” сыры ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жетеді. Ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші — көркем әдебиеттің де шынайы болмысы, шеберлігі оның тілі арқылы көрінеді. Ал осы тіліміздің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігі — фразеологизмдер болғандықтан, әлем жұртшылығы ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған бүгінгі таңда әдеби тіліміздің фразеологиялық қорын зерттеудің теориялық және практикалық жағынан да өз негізі бар.

Жалпы, тіл білімінде фразеология мәселесі көп зерттеліп келеді десек те, әрбір әдеби тіл кезең ерекшелігін ашатын оның бай фразеологиялық қоры мен құрамы туралы арнайы зерттеулер жүргізілген емес. Яғни біздің бұл тақырыпқа арнайы баруымыздың себебі, әдеби тіл дамуының ұлттық кезең сипатын танытатын алғашқы көркем қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдер ғылыми тұрғыдан зерттеу нысаны болған емес. Бұл — бір. Екіншіден, ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасы тілі әр түрлі себептермен толыққанды зерттелмей келеді. Бұның үстіне осы кезең қазақ жазушылары шығармаларының аттары аталмай келгендері де болды. Шындығында, әдеби тілдің ілгері дамуына азды-көпті үлес қосқан ірілі-ұсақты кез келген қаламгердің аты аталып, шығармалары тілі жағынан да ғылыми айналымға енуі тиіс деген филологиядағы пікірлерді (профессор Б.Кенжебаев) ескеріп, алға тартар болсақ, зерттеу нысанының өзектілігі де осыдан анық көрінетіні сөзсіз.

Тілдегі фразеологизмдер — тілдік бірліктердің ішінде аккумулятивтік қызметі ерекше байқалатын, бірнеше мыңжылдықтар бойына пайда болып, дамып, қалыптасқан, әдеби тіл дамуы кезеңдерінің өзіндік ерекшелігін айқындайтын тілдің ажырамас бір бөлігі. Әр жазушы өз

өресіне қарай тілдің фразеологиялық қорынан қажетін алады да, өз кезегінде әдеби тілдің дамуына үлесін қосып отырады. Шын мәніндегі қазақ көркем прозасының алғашқы қарлығаштары ретінде танылып, Ыбырай мен Абай негіздеген жазба әдеби тіл дәстүрін әрі қарай жалғастырған XX ғасыр басындағы қазақ жазушылары осы тіл қазынасын мәнді материал, көркем құрал етіп, әдеби тілдің көркемдік дамуын ілгерілетті.

XX ғасырдың басы қазақ әдебиеті мен әдеби тілінің дамуында айрықша орын алатын, жаңалығы мен қайшылығы да мол кезең болды. Әдебиетте де, мәдениетте де жаңа қадамдар қаулап, жаңа үндер естіле бастады. Бұрын қазақ әдебиетінде тек ертегі, аңыз түрінде қара сөзбен баяндалған әңгімелердің енді тасқа басылған түрлері пайда болды. Профессор Е.Жанпейісовтің сөзімен тарата айтқанда: “Прозалық шығармалар алғаш көрінгенге дейін, көркем әдебиет тілі поэзияда қалыптаса бастады. Кейіннен проза тілінде дами түскен көркем әдебиет тілінің біраз элементтері ең әуелі әріде — ауыз әдебиеті үлгілерінде, беріде — алғашқы жазба ақындар творчествосында көрінеді. Әр алуан тілдік құралдар образ жасаудың бір амалы ретінде тұңғыш рет осы кезде дамып, жеке сөздер, сөз орамдары алғаш осы шығармаларда көркемдік қызмет атқара бастайды” [1,261]. Шындығында, еліміз тәуелсіздік алған бүгінгі тұстағы жариялылық процесі мен шығармаларын жаңа қырынан зерделей түскен зерттеуші ғалымдардың еңбектерінің арқасында ортамызға қайта оралған жазушылардың төл тілімізді ілгері дамытуға қосқан үлестері үлкен екендігі белгілі болды. Бұл бағытта құнды пікірлер айтып, терең зерделеген Б.Кенжебаев, Ш.Сәтбаева, З.Ахметов, Ү.Субханбердина, З.Бисенғалиев, т.б. ғалымдар еңбектерінің берер мағлұматы мен сабағы көп. Әдебиетші ғалым З.Бисенғалиевтің мына сөздері осы кезең прозасының мәнін ашып бергендей: “Егер біз қазақтың профессионалдық прозасының қалыптаса бастауын тек қана Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі жылдардан іздесек, 20-жылдардың басында жазылып, қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған профессионалдық дәрежедегі көркем шығармалардың жазылу сырын немен түсіндіреміз?” [2,7]. Сұрақ мазмұнының өзі алғашқы қазақ прозасына берілген бағаның белгісін аңғартады. Бұл күрделі де қызықты, ерекше танылған құбылыс өз сипатының әдебилігімен де жазушылардың жаңа жанр үлгілеріндегі тілдік өрнектерін көрсетеді.

Жалпы, көркем әдебиет тілін зерттеудің қазақ филологиясындағы жайына келсек, оның жинақталған тәжірибесін көрсететін, біршама шешімін табатын құнды-құнды еңбектер бар. Алғашқыда жекелеген жазушылардың тіл ерекшелігін сараптау тұрғысынан және әдеби тілмен өзара байланысын анықтау тұрғысынан қолға алынған бұл сала кейін қомақты жалпы теориялық және нақты тәжірибелік ізденістерге ұласты. Профессор Р.Сыздық “Сөз құдіреті” атты еңбегінде қазақтың көркем сөзінің құдіретін танытқан қаламгерлер тілін талдаса [3], көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздерін зерттеген профессор Б.Шалабай көркем шығарма тілін зерттеудің өзіндік қырларын ашып көрсетеді: 1) Таза тілдік қыр; 2) Стилистикалық қыр; 3) Көркем-эстетикалық қыр [4,29]. Бұл ғылыми еңбектермен танысып, оларды жүйелеп оқу біздің зерттеу жұмысымыздың жазылуында өзінің зор ықпалын жасады.

Ал алғашқы қазақ прозасы әдеби тұрғыдан көптеген әдебиетші ғалымдардың зерттеу нысаны болғанымен, лингвистикалық тұрғыдан тілі әр қырынан кейбір ғалымдардың жеке мақсаттарына нысан болғаны болмаса, проза тілінің көркемдік жүйесін құрайтын фразеологизмдер біртұтас зерттеуге негіз болған жоқ. Бұл ретте көз тоқтатып, көңілге түйер еңбектер: М.Белбаева “С.Торайғыров шығармаларының тілі”, Б.Шалабаев “Көркем проза тілі”, Х.Кәрімов “Қанатты тіл”, т.б.

Профессор Р.Сыздықова Абай тілінің көркемдік бітімін лингвостилистикалық тұрғыдан сөз еткен “Абайдың сөз өрнегі” деген еңбегінде Абайдың фразеология саласындағы сөз құбылту тәсілдерін, жаңалықтарын талдайды. “Фразеологизмдер — сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы, бұл, бір жағынан, екінші жағынан, ол — жеке қаламгерлердің табысы, еңбегі, ізденісі. Фразеологиялық тіркестер — семантикалық шоғырлар, яғни жеке сөз мағыналарының бір-бірімен түйісуінен туған жаңа мағыналық дүниеліктер. Демек, белгілі бір қаламгердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеологиясын тауып тану ерекше орын алады” [5,95], — деп, ғалым өз зерттеуінің өзекті бөлігін фразеологияға арнайды. Яғни, көркем поэзия болсын, көркем проза болсын, ондағы халық тілінің басқа элементтерімен біте қайнасып жатқан фразеологизмдерді оқып, тану — оның тіл байлығын, тіл ерекшелігін толық түсінуге мүмкіндік береді.

“Жалпы алғанда, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті аз уақыт ішінде дамыса да, талай белестерден өтіп, сан алуан ұлылы-кішілі таланттарды туғызған, дәуір талабына үн қосқан, идеялық-көркемдік деңгейі биік әдебиет болды. Оның бай мұра, ұлттық қазына екенін өзіміз де танып, басқаға да танытуымыз қажет” [6,13].

“Қазақ прозасының көктей бастаған “қылтанақтарының” өзі көркем жазба үлгілерге тән қасиеттердің басты-бастыларын бойына дарытқан деп тануға болады. Атап айтқанда, сөзді таңдап жұмсау, айтылмақ ойды баршаға түсінікті, әсерлі етіп суреттеу, ол үшін көріктеу тәсілдерін қолдану, синтаксистік нормаларды біршама дұрыс сақтау сияқты сипаттар” [3,17]. Әдебиетші мен тілші ғалымдар пікірлерінің бұл тоғысуы осы жұмыстың негізгі маңызы мен сипатын да көрсетеді.

Қазақ прозасы жанрының қыр-сыры, көркемдік ізденістері мен нәтижелері әдбиетші ғалымдардың еңбектерінде қарастырылып, проза тілі құрылымдық жүйесінің көркемдігін танытатын тілдік бірлік – фразеологизмдер лингвистердің кейбір жекелеген ғылыми еңбектерінде айтылғанымен, әр кезең шығармаларындағы фразеологизмдер біртұтас, жүйелі түрде арнайы зерттеу нысаны болған емес. Осыдан барып қазақ прозасы жанрының алғаш көріну кезеңіндегі фразеологизмдерді жан-жақты қарастырып, жазба әдеби тілді дамытуда оның орнын анықтау мәселесін арнайы зерттеу қажеттігі туады.

Жұмыста ХХ ғасыр басындағы көркем прозалық үлгілерді мүмкіндігінше толығырақ қамту көзделінді. Бұл аз уақыт ішінде көркемдіктің кілтін тапқан қазақ прозасының фразеологиялық қабатын мейлінше кең сипаттауға және алғашқы проза тілі фразеологиясында жалпыхалықтық норманың жүйелі дами түскенін айқындауға мүмкіндік береді.

ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі тұрақты тіркестерді жинақтап, картотека қалыптастыру барысында 1995 ж. Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы шығарған ғалымдар Ү.Субханбердина мен С.Дәуітовтің құрастыруындағы “Айқап” энциклопедиясы, 1998 ж. Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, К.Сахов құрастырған “Қазақ” газеті материалдары, 1999 ж. жарық көрген Ү.Субханбердинаның “Қазақ халқының атамұралары” атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткіші деректер көзі ретінде пайдаланылды.

# I. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ ЖӘНЕ СЕМАНТИКА- ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

## 1.1 XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі және проза

Белгілі бір кезеңдегі көркем шығарма тілінің фразеологиялық қорын зерттеу — бір жағынан, сол дәуірдегі жалпыхалықтық тілдің кезеңдік ерекшелігін терең білуге себептессе, екінші жағынан, әр суреткердің тіл шеберлігін жан-жақты ашып, оның әдеби тілімізді дамытудағы тарихи рөлін анықтаудың бірден-бір жолы болып табылады. Себебі фразеологизмдер көркем әдебиет (проза) қажетін өтеуде халықтың эстетикалық талғамын ақтайтын ең бір күшті тілдік құрал болып келеді. Сондықтан әдеби тіл дамуы кезеңдерінің көркемдік сипатын танытуда қомақты материалды “тілдің әдебилік сипаттарының біреуі” — фразеологизмдер береді.

Көркем шығарма тілін біршама терең зерттеген орыс ғалымы А.И.Ефимов әдеби тілдің негізі жалпыхалықтық екенін және сөз шеберлері сұрыптаған, байытқан тіл екенін айтады [7, 22]. Ғалымның бұл пікірі “көркем әдебиет тілі, жеке жазушылар тілі — әдеби тілдің сипатын толығырақ көрсететін элемент және әдеби тілдің өзге стильдеріне қарағанда, жалпыхалықтық тіл нормасына көркем әдебиет тілі жақын тұр, яғни әдеби тілдің жалпыхалықтық сипаты көркем әдебиет тілінен көбірек сезіледі” деген қазақ тіл білімінің үлкен маманы І.Кеңесбаевтың түйінді тұжырымымен үндес жатыр [8,342]. Сонда көркем шығармада (прозада) ұлттық тілдің сөз байлығы мейлінше мол жұмсалып, әр алуан ой мен сезімді білдіретін тілдік мүмкіндіктерді кеңінен пайдалану орын алады екен. Яғни мұнда көркем тіл үшін икемділігі мол фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер жинақталады. Жазушы осы қазынаны пайдаланып, соның үлгісінде жаңаларын жасайды. Осы арқылы өз кезегінде әдеби тілдің дамуын жетілдіре, толықтыра түседі.

Көркем проза тілін қазақ тіл білімінде алғаш зерттеушілердің бірі — Ербол Жанпейісов. Ол 1968 жылы



жарияланған “Қазақ прозасының тілі” (Октябрь алды және 1920-30 жж. аралығы) атты кітабында алдымен әдеби тіл мен көркем әдебиет тілінің байланысына, ұқсас, ортақ қасиеттеріне тоқтала келіп, содан соң әдеби тілді көтерудегі көркем шығарманың рөлін алғашқы қазақ прозасы тілін талдау арқылы ашып көрсетеді. Шын мәніндегі көркем туындының дүниеге келуі әдеби тілдің даму, кемелдену дәрежесіне тікелей тәуелді. Солай бола тұрса да белгілі бір кезеңдегі шығармалардың әдеби тілдің пәрменді дамуына ықпалын тигізбей қоймайтынын ғалым нақты фактілермен дәлелдейді. “Көркем әдебиет тілінің де, — деп жазады ол, — сондай-ақ әдеби тілдің де негізгі материалы — халық тілі, халық тілі байлығының қат-қабаты”, сонымен бірге “әдеби тілді байытатын ең негізгі фактор — көркем шығарма тілі”, — деп зерттеуші ғалым өз пікірін түйіп айтады [1,13; 29]. Жалпы, бұл еңбектің қазақ әдеби тілі мен көркем проза тілінің қалыптасу кезі аралығындағы байланысты ашуда мәні зор.

Сондай-ақ, әдеби тіліміздің екі ғасыр ішіндегі (XVIII—XX ғғ.) даму тарихы жүйелі түрде баяндалатын “Қазақ әдеби тілінің тарихында”: “...XX ғасырдың басындағы әдеби тілдің дәрежесін, оның жалпы күйін екі түрлі жазба әдебиет төңірегінде ғана сөз ету орынды”, — делінеді де, оның бірі көркем әдебиет тілі екендігі бөліп көрсетіледі [9,107]. Расында да, XX ғасыр басындағы көркем әдебиет өкілдерінің шығармалары әдеби тілдің нормаларын қалыптастырып, оны нығайтуға қатысы тұрғысынан көбірек бағаланса керек.

Әрбір тарихи кезең қайталанбайтын өзіндік сонылығымен ерекшеленеді десек, “XX ғасырдың бас кезі қазақ әдеби тілінің тарихына әдеби тілдің болашағы, даму бағыты, тазалығы үшін күрес, іздену дәуірі болып енді” [10,39]. Қазақ әдеби тілі тарихында бұл кезең қазақтың жазба әдеби тілі, оның ішінде көркем прозаның қалыптасуы мен даму кезеңі ретінде ерекше аталады. Қазақ прозасының қалыптасу жолдары Абай, Ыбырайдан басталады. “Қай тақырыпты қозғаса да, түгелімен дерлік ағартушылық идеясын ұсынған, мораль мен тәлім-тәрбие жайындағы ой-толғамдарын баяндайтын публицистикалық шығармалар” [5,163] деп танылған Абайдың “Қара сөздері” мен Ыбырайдың қысқа әңгіме, мысалдары толық түрдегі көркем проза дәрежесіне жете алмаса да, бұл

шығармалар “публицистикалық және ғылыми стильдердің, сонымен қатар өзінің дамуы мен өркендеуін Абай кезеңінен кейінгі қазақ жазушылары арқылы алған көркем проза стилінің іргетасы” [11,128] болды. Қазақ прозасы ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында-ақ дамудың жаңа арнасына шықты. Бұрын бұл кезеңдегі қазақ әдебиеті өкілдерінің бірді-екілі ғана прозалық шығармаларын атаудан ары аса алмай келсек, соңғы кездерде жарық көрген әдебиетші ғалымдардың жаңа зерделі зерттеу, пайымды ізденістерінің арқасында дәуір талабына да, көркем проза жанры талабына да жауап бере алатын тұтас бір көркем тіл шоғырларын тануға мүмкіндік алып отырмыз. Осы ізденістерге қарағанда, қазақтың профессионалдық прозасының қажетті компоненттері ХХ ғасырдың басында қалыптасып, орныға бастағанын, қоғамдық дамудың әсерімен мәдениет пен әдебиеттің алдыңғы қатарлы өкілдері көркем прозаға жаппай шабуылды бастағанын танып білеміз. Әдебиет тарихын зерттеуші З.Бисенғалиевтың бұл санаттағы еңбектерінде алғашқы қара сөз үлгілерінің қалыптасу жолдары, көркем шығарма ретіндегі сипаты хронологиялық тәртіппен талданады. Бұл еңбектерде, әсіресе, жаңа жанр жолындағы бұрын аты аталмай келген шығармалардың көркемдік жүйесін саралауда, сол арқылы оның әдеби тіліміздің көркемдік түрін дамытудағы орнын тануда құнды материалдар көп [2; 12].

Сонымен қатар, ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасының жайы Б.Кенжебаев, Ә.Дербісәлин, Ш.Сәтбаева, Б.Шалабаев, Ү.Субханбердина, т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөз болды. Бұл еңбектердің зерттеу тақырыбымызға тікелей де, жанама да қатысы болғандықтан, жаңа жанрдың, прозаның көркемдік жолындағы ізденістері мен оның көркем тілді айшықтарын зерттеуде бағалы пікірлер мен әдеби фактілер ала алдық.

Әрине, қазақ прозасының арғы тегі, “сүйегі” әріде жатыр. Оның арнасы, сөз жоқ, көне түркілік, ортағасырлық жазба ескерткіштерінен, ауыз әдебиеті шығармаларынан бастау алады. Өйткені ХХ ғасыр басында соншалық күрт даму жолына түсіп, өркен жайған қазақ прозасы, оның көркем түр тапқан тілі тақырға біткен гүл емес-ті. Прозаның элементтері бұрынырақ шыққан халық ауыз әдебиеті үлгілерінен де кездеседі. Бұл ретте, қазақ фольклортану

ғылымында халық ауыз әдебиетінің құрамында прозалық жанрлар бар екені, онда көркем сөз көріністерінің көрінетіні айтылып келді. Қазақ фольклорының прозалық жанрларын жан-жақты зерттеп, оны “халық прозасы” деп атауды ұсынған С.Қасқабасов: “... басқа халықтардың фольклоры сияқты, қазақ ауыз әдебиеті де прозалық үлгіге бай”, “олар әр дәуірде, әр қоғамда өмірге қажетті функция атқара отырып, қарапайымдылықтан көркемдікке қарай дамыды, сөйтіп алғаш кезде таза утилитарлық міндет атқарған халық творчествосы көркемдік сапасы өте жоғары, эстетикалық функция атқаратын фольклорға айналды” [13,4; 237-238], — деп, олардың көркемдікке қарай бет алғанын айтады. Демек, көркем тілдің құдіреті тілдің тек өлең сөз емес, қара сөз түрінде жұмсалатын үлгілері арқылы да түсіндіріліп келді. Бұл үлгілер, яғни тыңдаушысын ұйыта айтылатын аңыз-әңгімелер, қызықтырып әкететін ертегілер, ел басыларының, билердің, ауыл ақсақалдарының “шешендік сөздер” деп аталатын сөз айту үрдісі, атадан балаға жеткізіп отыратын әулет шежірелері — осылардың барлығы қазақ көркем прозасының негізі, бастау үлгілері деп тану қажет.

Қазақтың жазба көркем прозасы мен оның тілінің шын мәніндегі қалыптасу, даму жылдары ХХ ғасырдың алғашқы ширегінен бастап дүниеге келді. “Қазақ топырағында бұл жанрдың бір ерекшелігі — тілдік-көркемдік жағынан өзінің даму барысында ондаған, жүздеген жылдар салмай, бірден дерлік белгілі дәрежедегі жазба көркем прозасының сипатын ала бастағандығы”. Белгілі ғалым Р.Сыздық өзінің осы пікірінің себебін мынадай факторлардан іздеуге болатынын атап көрсетеді: “Біріншіден, қазақтың көркем прозасы тілінің алдында сан ғасырлар бойы дамыған әдеби тілдің, яғни қазақ поэзиясы мен қысқа аңыз-әңгіме, шешендік сөздер, шежірелер тілінің қалыптасқан нормалары, тілдік көркемдік бай арсеналы тұрды. ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан бермен қарай қалыптасып, Ыбырай, Абай сияқты қалам иелерінің қызметімен дамыған, едәуір қалыпты сипат алған қазақтың ұлттық жазба әдеби тілі тұрды. Бұл екі арнаның екеуінің де нормалары қазақ прозасының қалыптасуына тікелей қатысты” [3,192-193]. Бұл арналардың қазақтың көркем прозасын қалыптастыруда белгілі дәрежеде ықпалы болғанын әдебиетші ғалымдар да баса айтады.

Мәселен, А.Ісмақова Абай творчествосының қазақ көркем прозасының қалыптасып, дамуына тікелей әсер еткенін, ақынның “Ғақлиясындағы” эстетикалық үшбұрыштың (автор – кейіпкер – тыңдаушы жүйесінің) проза жанрының жедел өркендеуінде бірден-бір шешуші рөл атқарғанын айтады [14, 11]. Осы құнарлы әдеби топырақтан нәр алып, оның ең жақсы қасиеттерін бойына сіңіре алған қазақ әдебиеті мен мәдениетінде бұрын болмаған роман, повесть, көркем әңгіме жанры дүниеге келді. Қазақ романының алғашқы қарлығашы “Бақытсыз Жамал” 1910 жылы Міржақып Дулатовтың қаламынан туды. Оның ізін баса келген “Қалыңмал” мен “Қамар сұлу”, “Қыз көрелік” пен “Кім жазықты”, “Мұңлы Мариям” мен “Шұғаның белгісі” сияқты шығармалар белгілі бір көркемдік жүйе таба білді. Сондықтан бұнда тілдік тұлғалар қалай болса солай емес, көркемдік қызмет атқаруға бейімделіп жұмсала бастады. Сөз қолданудың эстетикалық сапасы күшейіп, көркемдік аясы, стильдік мүмкіндігі арта түсті. Сөздер мен сөз тіркестерінің өзара көркемдік байланыста тұруы жиіленіп, неше алуан жалпы тіл құралдарының, фразеологизмдердің, бейнелеу тәсілдерінің қолданылуы едәуір көбейе түсті.

“... Жаралған жан-жануарға жан ендіретін, *тіршіліктің бұлағы* жаз кетіп, нөсерлі қара жаңбырлы қабағын түйіп, күз келді. Табиғаттың осы ауа райына қарап тұрғандай, аз да болса бойы сергіп келе жатқанда баяғы *ашылмас қара тұман* қайта басып, көптен Ғалымын көре алмай, *жан дескен жүрекке жібімес тастай мұз кіреді*. Мариям сорлы баяғы *таз кебінегіне қайта түсе бастайды*” (“М.М.” 11-б.).

Мұнда сөздердің өзара синтаксистік үйлесімі жағынан олпылығы болғанымен, оқушының көзіне бірден түсетін бейнелі суреттер жасалған. Сөйлемдерінің көркемдігі *тіршіліктің бұлағы, ашылмас қара тұман, жан дескен жүрек, таз кебінегіне қайта түсу* сияқты образды тіркестер арқылы жандана түскен. “Ал ойды жалпы образға құрудың прозадағы әуелгі нышаны, жазба прозаға тән көркем контекст жасаудың элементтері тұңғыш рет Алтынсарин әңгімелерінде көріне бастады” [1, 67].

Жаңа ғана бой көрсете бастаған қазақ көркем прозасын кемелдендіруде С.Торайғыров шығармалары сан жағынан да, сапа жағынан да алдыңғы орында. Шығармаларында халық

тіліндегі фразеологизмдерді және көркемдік құралдарды (тұрақты теңеу, эпитет) мол пайдалануы жазушының ең басты тіл ерекшелігі болып табылады.

“Бір бұрышқа бүркеніп, *қырғи қуып түсірген торғайдай* бір уыс қана доп-домалақ болып тығыла тықсырылып, қайтсем жан қалады дегендей мүсәпірсіп жатқандағы формы мұсылман адамның сай сүйегі сырқырайтын көріністе еді” (“Қ.с.”, 116-б.). “Қырғи қуып түсірген торғайдай” сипатындағы қазақ қызының ауыр халін автор көркем сөз тігісіне шебер жатқызады.

Әдеби тілдің көркем әдебиет стилінде көркемдікке негізделген жүйелілік бар. Көркем прозаның әдеби тілді дамытудағы бұл қасиетіне Б.Майлиннің “Шұғаның белгісі” повесі жауап бере алады:

“Бір отауда Шұға кездесті. Көрісіп амандасқаннан *көзімді ала алмадым*. Апырым-ай, адамзатта ондай сұлу болады екен-ау!.. *Аққудың көгілдіріндей* осы аппақ” (10-б.). Кішігірім үзіндінің өзінен бұл жолдардың нақ көркем туынды екеніне, шындалған, сымбатталған әдеби тілде жазылғанына, яғни шығарма тілінің әдебилігіне көз жеткізуге болады. “*Көзін ала алмау*”, “*аққудың көгілдіріндей*” деген фразеологизмдер арқылы сөйлемдері мағына үйлесімділігі жағынан да, көркемдік байланысы жағынан да өзара сабақтала жұмсалған.

Қазақтың алғашқы көркем проза үлгілерінде фольклор тілі мен ауызекі сөйлеу тілі стилінің элементтері кездесіп отырады. Қазақтың жазба әдебиетіне фольклор тілінің тигізген әсері туралы М.Әуезов те, Е.Жанпейісов те, С.Қасқабасов та және басқа да ғалымдар өз еңбектерінде айтып отырған. Бұл ықпалдың бір көрінісі мақал-мәтелдердің жиірек қолданылуынан аңғарылады. Қазақ көркем прозасы ауыз әдебиетінен өз алдына бөліне бастаған тұстағы бұндай қолданыстардың болуы заңды да. Себебі “ешбір жанр саф алтындай таза күйде болмайды. Өйткені ол жападан-жалғыз өмір сүрмейді, ұзақ көркемделу процесінде жанрлар бір-бірімен тығыз байланысқа түседі, олар бір-біріне ықпал жасап, кірігеді” [13; 22]. Мақал-мәтел аралас сөз қиюы, әсіресе, қыз бостандығына, әйел теңдігіне байланысты туған шығармаларда едәуір. Мысалы: “*Ата даңқымен қыз өтеді, мата даңқымен бөз өтеді*”,

*“Жылтырап тесік моншақ жерде қалмас”, “Бір көрген біліс, екі көрген таныс” (“Бақытсыз Жамал”); “Көрмегенге көсеу таң”, “теңін тапса, тегін бер”, “асыққан жетпес, бұйырған кетпес” (“Қыз көрелік”); “Есік көргенді алма, бесік көргенді ал”, “сөз-сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады” (“Қалыңмал”), “Өлінің сөзін тірі ала ма?”, “басы ауырмағанның құдаймен не ісі бар” (“Мұңлы Мариям”); “Құда болар алдынан құлменен сұрас, құдаласып алған соң құл да болса сыйлас” (“Томан байдың баласы...”), т.б.*

“Қазақ романдарында (жалпы көркем прозада – Ж.Қ.) фольклорлық аллюзияның көптігі оның ауызекі сөйлеу тіліне жақындығынан ғана емес, бірінші қазақ романистерінің ойды нақты, тиянақты, қысқаша жеткізу қасиетін көре білгендіктерінен болуы керек” [15, 96].

Алғашқы көркем прозамыздағы фольклор тіліне тән тағы бір қасиет теңеулердің көрінісімен ұштасып жатыр. Бұл жөнінде М.Әуезовтің орынды айтылған мынадай пікірі бар: “Қазақтың көркем ойының даму, қалыптасу тарихында ауыз әдебиетіміз ең қазіргі прозамыз, поэзиямыз бір-бірінің табиғи жалғасы іспеттес және тіл құралдарының стильдік қызметі жағынан да, сөз образдылығы тұрғысынан да бұлар бір-бірімен өзектес” [16, 220-221]. Қыздың көркін ай мен күнге теңеу сонау ауыз әдебиетінен келе жатқаны белгілі. Осы іспеттес сөз қолданулар сол кезең прозасында былайша көрініс табады: *“Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар”, “бойы тал шыбықтай иілу”, “қасы қаламдай қиылу”, “үріп ауызға салғандай”, т.б.*

XX ғасыр басындағы көркем проза тілінің фольклорлық әуендермен байланысып жатқан келесі бір бейнесі, ерекшелігі – өлең жолдарына ұқсап, сөйлем аяғының ұйқасып келуі. Е.Жанпейісов сөздерді осылай қат-қат қып, өзара бір сырт әуенділікке бейімдей жұмсалудағдысы, әсіресе, “Қамар сұлу” романында көбірек ұшырайтынын айтады [1, 75]. Сөздердің, тіпті белгілі бір контекст аясының бұлай өлең ұйқасына құрылғанына біз “Мұңлы Мариям” повесін де жатқызар едік. Мысалы: *“Мариямның маңдайына күн түспей, бетіне жел тимей* жазғы түрқы көркем табиғаттың саясында, жер жүзіне нұрын сепкен алтын күздің аясында шешек атқан гүлдерше, жер бетіне өсем түр берген қызылды-жасылды қызғалдақтарша

жас балдырған Мариям көзге түсе бастайды (1-б.). Осындай бақыт іздеп, теңін көздеп гүлдей жайнап, талабы алға өршіп өсіп келе жатқан *жастардың шамын сөндіріп, гүлін солдырып* зар жылатқандай бишаралардың не жазығы бар екен... (10-б.); ... қатарынан асып аузымен құс тістеген Ғалымның *беделі түсіп, белі сынып*, айласы таусылып әлі бітіп, көкіректегі барлық арманды өлең ғып, домбыра шертіп, жүрегі талады” (17-б.), т.б.

Мұндай тақпақ ыңғайындағы қара сөз үлгілерінің ерекшелігі өлең әуенімен келетін фразеологизмдерден де көрінеді. Мысалы: *маңдайына күн түспей, бетіне жел тимей, беделі түсіп, белі сынып, айласы таусылып, әлі бітіп* тәрізді. Жалпы, жаңа қалыптаса бастаған көркем проза жанрының тілінде фольклор мен ауызекі сөйлеу стилінің көрінуі сол жазба әдеби тілдің өзі нәр алған қайнар көзімен, арғы тегімен тамырласып жатқандығын танытады.

Ендігі бір мәселе — осы кезең әдеби тіліндегі “кітаби тілдің” көрінісі. Жалпы “кітаби тіл” мәселесі зерттеушілер тарапынан сөз болып келе жатқаны белгілі. Ол жөніндегі түсінік, пікірлер де әр түрлі. “Кітаби тілдің” жан-жақты мәселесін ашуды біз міндетімізге алған жоқпыз. Сондықтан бұл арада біз оны тақырыбымызға қатысы тұрғысынан ғана сөз етеміз.

Зерттеушілер “кітаби тілге” көне түркі тілінің қалдықтарын, араб-парсы сөздерін, татар тілінің элементтерін жатқызады. Мәселен, Р.Сыздықова өзінің бұл саладағы зерттеуінде “кітаби тілдің” грамматикасы мен лексикасы жағынан қазақ тілі элементтерінен, одан соң көне өзбек тілі және басқа түркі (көне ұйғыр тілі — эпистолярлық нұсқаларда) тілдері элементтерінен, лексикасы жағынан араб-парсы элементтерінен, лексикасы мен орфографиясы жағынан татар тілі элементтерінен құрылғанын айтады [17]. Қазақ мәдениетінде қолданылған “кітаби тілдің” әдеби тіл дамуы дәуірлеріндегі көрінісі туралы да зерттеу еңбектерінде айтылып отырды. Ә.Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиұлы: “Ескі кітаби тіл дәстүрі қазақ әдеби тілінің барлық кезеңдеріне де әсерін тигізген. Оны қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерінен де, XV—XIX ғасырлардағы әдеби тілден де, жаңа жазба әдеби тілдің негізін салған Абай, Ыбырай шығармаларынан да, тіпті XX ғасыр басындағы әдеби тілінен де байқауға болады” [18,

175], — дейді. Ғалымдарымыз айтқандай, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінде, оның ішінде көркем проза тілінде бірсыпыра түркі халықтарына қызмет етіп келген ортаазиялық түркі әдеби тілі мен сол тұстағы қазақша “кітаби тілдің” дәстүрі біраз кездеседі. Олар көбіне саяси-қоғамдық, діни танымға байланысты сөздер болып келеді. Алғашқы қазақ прозасында әдеби тілге бұрнағы кезеңде еніп, байырғы болып кеткендерін санамағанда, ауызекі тілде сирек ұшырайтын кітаби тіл элементтері кездеседі: *жамағат, күллі ғайып ғадетінде, шаһбазлар, бихисап, һәмән, миһрибанлы атамыз, аспаһани қылыш* (“Бақытсыз Жамал”); *мағлұм бір алаға үшбу ісім, таусылмас тұказзибан, не әдді бар, рушді сыныф, иғдади сыныф* (“Қамар сұлу), *иждиатпен оқу, муафиқ, шәһар* (“Қыз көрелік”), т.б.

Әдеби тілдің бұл кезеңіндегі “кітаби тіл” лексикасынан сақталып, жиі қолданылатын грамматикалық тұлғаларға *һәм, илән, ләкін, хақында* шылауларын, *үшбу (бұл) һеш, һәммәсі, һәр* есімдіктерін жатқызуға болады.

Әрине, әдеби тіл дамуының барлық дәуірлерінде “кітаби” лексиканың көрінісі бірдей болуы мүмкін емес. “Кітаби тілдің” табиғатын сөз еткен ғылыми құндылығы жоғары мақаласында Ә.Құрышжанов бұл құбылысқа арнайы тоқталады: “Кітаби тіл” деген белгілі бір ізден шалыс баспайтын, өз арнасынан ауытқымай, әрдайым жүйелі түрде қолданылатын тіл емес. Ол жыл өткен сайын жаңарып, ішінара өзгеріске ұшырап отырған. ХХ ғасырдың басындағы “кітаби тіл” о бастағы қалпынан, қала берді тіпті ХІХ ғасырдың ортасында қолданылған түрінен едәуір өзгеше болған сияқты” [19, 74]. Шынында да, “Ы.Алтынсарин мен А.Құнанбаевтан кейін мүлде жаңа бағыт алған ұлттық әдеби тілді” [20, 172] қолдаған ХХ ғасыр басындағы көркем прозалық шығармаларда “кітаби тіл” қолданысы едәуір өзгеріп, айтарлықтай азайды. Алғашқы қара сөз шеберлері “кітаби тілдің” іргесін шайқалтты”. Олар шығармаларында қазақтың жазба тілін қалыптастырып, алуан тектес “измдерден (түркизм, шағатаизм, татаризм)”, “кітаби тілден” бас тарта бастады. Дегенмен, бұл кезеңдегі қара сөз үлгілерінен татар тілінің иісі сезіліп тұрады. Мұның өзіндік себебі де жоқ емес. Біріншіден, ХХ ғасырдың басында қазақтың өз баспасы



мен баспаханасы болмады. Міне, осы кезде қазақ даласына татар кітаптары мен газет-журналдары кең тарады. Бұларда қазақ жазушыларының шығармалары жиі жарияланды. Кітап, баспасөз ісін өркендетуге ұлттық баспахананың жоқтығы үлкен кедергі болды. Қазақтың ақын-жазушылары өз шығармаларын бастыруда татар баспаханаларына кіріптар болды. Қазақ жазушыларының алғашқы прозалық шығармалары да Қазан, Уфа, Орынбор, Троицкідегі татар баспаханаларында (Кәрімовтер, Хұсайыновтар баспаханасында) басылды. Екіншіден, қазақтарды оқытқандардың көбі татар молдалары еді. Осылардың барлығы қазақтың жазу тілінде араб-парсы қалдықтарымен қатар, татар тілі элементтерінің енуіне жағдай туғызды. Қайсыбір қаламгер болмасын, өз заманындағы әдеби тіл нормасынан тыс кете алмайтыны белгілі. Сондықтан алғашқы қазақ жазушыларының тілінен де оның элементтері арагідік көрініп қалады:

“Қараб тұрсам ғұмырлар ескен жел сықылды *hesh* бір белгісіз өтіп барадр”, “Басқа жас балалар да менің сықылды өздерінің айналасындағы нәрседен басқа *hesh* бір нәрсе көргендері жоқ *hәм көрмейділер*” (“Жас ғұмырым яки жастықта ғафләт”, 10, 13-бб.); “Бұл сапарда сайлаудағы шыққан шығын, кеткен намыс *hәм* ілгерідегі үміт *hәммәсы* қосылып, оның үстіне көлденең кісілердің сөзі де қамшы болды”, “Жамалдың көңілі *hәмән* қайғыда болумен біраз уақыт өтіп еді”, “*Ләкін* Жамалдың қасына отырғызудан бір тәуір жігіт екендігі аңланды” (“Бақытсыз Жамал”, 138, 142-бб.); Ғайникамал *хазір* өліп дүниеден көшіп оң жаққа салп қойған икан” (“Қыз көрелік”, 109-б.). Мұндағы “қайғырды, жерледі” ұғымын білдіретін фразеологизмдердің құрамындағы сияқты татар тілінің көрінісі арагідік қана байқалады. Келтірілген кейбір араб, парсы, татар тілі фонетикасының бірді-екілі көрінісі (б, һ, х, и дыбыстарының ауытқуы) мен жалғыз-жарым морфологиялық көне тұлғалар (-др, -лер және -ла, -ле жұрнақтарының бір-ақ вариантта жұмсалуды) болмаса, бұл кезеңдегі прозалық шығармалар тілінен, қазіргі қазақ әдеби тілімен салыстырғанда, тілдік ауытқулар кездеспейді. Сондықтан “ХХ ғасырдың басындағы кейбір жазбалардың тілінде қолданылған араб, парсы сөздеріне, татар және басқа

да түркі тілдерінің элементтеріне қарап бұл шығармалардың тілі “кітаби тіл” екен деуге болмайды” [1, 84]. Олар көне тілдік элементтерден әдеби тілді тазарту үшін Абай, Ыбырай бастаған жаңа дәстүрге үн қосты, күресті.

Алғашқы көркем прозашылардың әдеби тілімізді дамытып, ілгерілетудегі елеулі еңбектерінің бірі — өз шығармаларын Орта Азияға кең тараған осы “кітаби тілдің” үлгісінде жазбай, Абай, Ыбырай негізін салған жаңа жазба әдеби тіл үлгісі мен халықтық тілдің негізінде жазулары еді. Дәуір талабы әдеби тілдің дамуына әсер етпей қоймайды. Олар өздерінің туындыларында халық арасындағы барлық ескіліктің қалдығын, теңсіздікті, бектік қанауды сынады, халықты оянуға, еңбекке, оқу-мәдениетке шақырды. “Бұл қазақ әдебиетінде осы тынышсыз уақыт, дүрбелең толқыныстар, сергек сілкіністер әкелген идеялық-көркемдік құбылыс” [6, 9] еді. Олар халықтың теңдігін, бақытты өмірін, әйелдің бас бостандығын аңсады. Осыған байланысты олардың тілі де, стилі де таза халықтық тілдің тамаша үлгісінде болды. Шығармаларының халықтығы олар қолданған образды фразеологизмдер мен халықтық мақал-мәтелдер, тілмен салған сұлу суреттер арқылы дәлелденеді. Абай өз заманын, өз ортасын “Соқтықпалы соқпақсыз жер” образымен атаса, жазушылар ақын салған бұл поэтикалық сөздің керемет кестесін, оның жаңа көп қабаттылығын қабылдамай тұра алмады. Олар ХХ ғасыр басындағы қоғам ымырасыздығын, ел ішіндегі жағымсыз мінез-қылықтарды “ашылмас қара тұман”, “шынжыр балақ, шұбар төс”, “қанды қақпан”, “сыпыра көңілі соқырлар” сияқты бейнелі фразеологизмдермен бір-ақ түйеді. Өйткені фразеологизмдердің өне бойы мірдің оғындай күшке, қылыштың жүзіндей өткірлікке толы. Мұнда сөздің сыртқы пішіні мен ішкі мазмұны біте қайнасып тұр.

Алғашқы көркем проза үлгілерінде жалпыхалықтық тілдегі небір кәнігі фразеологизмдер мен қара сөз шеберлерінің өздеріне тән сөз саптаулары кезек жұмсалып, қоғам, заман бейнесінің нақ туындысы жасалған. Мысалы, “қайғының қара нәсер жауыны”, “алынбас қамалда” (“Мұңлы Мариям”); “қар жамылып, саз төсену” (“Қыз көрелік”), “дүкенді қызу үстінде соға алмай қалу”, “надандыққа қара тоқты болу”

*“ғарасат майданының күні ашылмау”* (“Қамар сұлу”); *“көңілден қапырық кетпес, бой сергімес”, “еңсесін көтертпейтін ауыр тастар”, “қазақтың ғұрпын кию”* (“Кім жазықты?”); *“қазаққа не қылса да шықпады жаз”, “қолының қысқа қоғамның аздығына назаланған”* (“Қыз көрелік”); халыққа *“жарамас батпақ жалдап, етек түрген”, “тәуекел дариясына кеме салу”, “көңіл-көзін ашу”* (“Қыз көрелік”) керек деп үндеу тастайды. Қазақ даласының келбетін бейнелеуде ешқандай жасандылық жоқ, образды фразеологизмдер арқылы заман шындығын анық көре аламыз.

XX ғасыр басындағы прозалық шығармалардың тілінің фразеологиялық құрамы қазақ әдеби тілі байлығының сан қатпарлы үлгісінен алынған. Мысалы: *“құлақ құрышын қандыру”, “тісін қайрау”, “шаңырағына қобыз тарту”* (“Бақытсыз Жамал”); *“қасаң болып шар тарту”, “басына зобалаң туғызу”, “тіл тартпау”* (“Қалыңмал”); *“басын тау мен тасқа ұру”, “дүниені кешкен адам”* (“Шұғаның белгісі”); *“тауы қайту”, “айран асыр болу”, “түн қату”, “жүрегі тайдай тулау”* (“Томан байдың баласы...”), т.б. Халық тіліндегі көркем сөз айшықтарын мейлінше мол пайдалануы алғашқы көркем проза тілінің ерекшелігі болып табылады. Түрі жағынан оларды прозалық шығарма дәрежесіне жеткізіп тұрған да — осы стиль, тіл ерекшелігі. Бұл туындыларды қазақтың алғашқы прозалық шығармалары деп тануымыздың бір ұшы осы көркем тілінің қасиетінде жатыр. “Бақытсыз Жамал” романының оқиғалық өрісінің кеңдігі, адам портреттерінің соншалық көркем жасалуы, тіл шеберлігі бұл шығарманың биік мәдениетін де сипаттайды” [21, 22]. Бұл тұжырымды XX ғасыр басындағы көркем прозалық шығармалардың баршасына қатысты айтуға болады. Себебі, қазақ әдебиетінің әлемдік масштабқа танылып, халықаралық атаққа ие болуы проза жанры арқылы көрінсе, оның осындай деңгейге көтерілуінің бірден-бір көш басшысы XX ғасыр басында қағазға түскен көркем қара сөз үлгілері болды деп есептейміз. Проза жанрына тән тілдің небір нәзік те көркем детальдары ең алғаш осы шығармаларда бой көрсете бастады. Жазушылар халық тілінің бар байлығын, алуан амал-тәсілдерін, фразеологизмдердің мол қорын көркем прозаға батыл енгізе отырып, әдеби тілдің көркемдік жүйесін байыта

түсуге көмектесті. Жалпыхалықтық тілдің алуан түрлі бейнелі үлгілерін мол сіңіру арқылы ХХ ғасырдың басындағы көркем проза тілі жазба әдеби тілдің қалыптасып, дамуына, нормаланып тұрақтануына өз кезегінде орасан зор үлес қосты.

## **1.2 Қазақ прозасы тілінің дамуында ХХ ғасыр басындағы баспасөздің рөлі**

Қайсыбір қоғамда болмасын жүріп жататын саяси-өлеуметтік, мәдени өзгерістер тіл мен әдебиетке де жаңалықтар енгізіп отыратыны белгілі. Қазақ прозасының жанр ретінде қалыптасып, дамуына мектеп-медреселер мен оқу орындарының көптеп ашылуы, терең білім алған саналы азаматтардың көбеюі, халық санасының сергек тартып, замана сауалдарын сараптауы, әдеби-мәдени талап тілегінің өсуі сияқты факторлар айрықша әсер етті. Қазақ көркем прозасының профессионалдық үлгіде дамуы осы сияқты көптеген факторлардың нәтижесі болуымен қатар, ең алдымен баспасөздің күрт алға басуымен де тығыз байланысты.

ХХ ғасыр басындағы ең ірі жетістіктің бірі — қазақ баспасөзінің өрістеуі еді. Зерттеушілердің мәліметтеріне қарағанда, осы кезде жеке адамдар тобының серіктесуімен мынадай ұлттық басылымдар шығып тұрған: “Серке” (1907), “Қазақстан” (1911-13), “Бірлік туы” (1917), “Сарыарқа” (1917), “Ұран” (1917), “Үш жүз” (1917), “Тіршілік” (1917), “Алаш” (1916-17), “Қазақ” (1913-18) газеттері мен “Айқап” (1911-15) журналы, т.б. Бұл басылымдардың ұстаған бағыттары, көздеген мақсаттары, прозалық шығармаларды жариялау дәрежесі әр түрлі болғанмен, олардың бәріне ортақ қасиет — елді өнер-білімге, мәдениеттілікке үндеуге тырысушылық, қазақ өмірінің сол кездегі әр түрлі көріністерін сөз етіп, көкейтесті мәселелерді жұрт назарына салу еді. Яғни баспа ісінің жандануы — әдеби тілдің қалыптасуына, тіл мәдениетінің берік сақталуына да көмегін тигізбей қойған жоқ. Қоғам өміріне батыл араласа бастаған баспасөз ісінің жедел өркендеуі, әсіресе, қарасөз шеберлерінің көркем мазмұнды шығармаларын танытып, байытуда ерекше ықпал жасады. “Төңкерістен бұрын қазақша шыққан газет-журналдарда алғашқы түпнұсқа ретінде жарық көрген

прозалық шығармалар аз болған жоқ. Тамшыдан – теңіз, демекші, тұңғыш рет там-тұмдап басталған тырнақ алды туындылар арада біраз жыл өткен соң тек республика шеңберіндегі тар ауқымды ауызекі әңгімеден іргесі берік жазба әдебиетіне айналды” [22, 44]. Қазақ топырағында көркем проза үлгілерінің күн санап толыға түскенін, нық қалыптасып келе жатқанын алғашқы баспасөздердің сарғайған беттерін көз бен көңіл сүзгісінен өткізе отырып байқауға болды. Олардың көркемдік ерекшелігі, тілдік шеберлігі қара сөздің сан-қырлы иірімдерін игере бастағанын аңғартады.

Әрине, бұл мерзімді баспасөздерде алғашқы көркем прозалық шығармалардың жариялануы бірдей дәрежеде емес. Біз, негізінен, елдің рухани азығы – көркем прозаның кеңге қанат жаюуына мұрындық болған, осы жанр жолындағы көркемдіктің іздерін салушы жазушылардың есімдерін танытқан баспасөздерге, олардың тілдік-көркемдік ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Аз уақыт ішінде қазақ жазушылары көркем проза жанрының әр түріне барлау жасап, қазақ әдебиетінің алтын қорына әңгіме, новелла, повесть, роман сияқты жанр түрлерін алып келді десек, осы орайда бұл жанрдың кейбірінің туып, бағының ашылуында, әсіресе, әдеби-қоғамдық сипаттағы қазақ тілінде тұңғыш шыққан “Айқап” журналының орнын ерекше атаған жөн. “Негізінен мұғалімдер, ақын-жазушылар шығарып тұрған “Айқап” журналы және айқапшылар қазақ халқының мәдениеті дамуының тарихында өшпес із қалдырды, елеулі кезең болып табылатын бет ашты” [23, 86]. Журнал өзінің алғашқы санынан бастап прозалық шығармаларды жариялауға ерекше көңіл бөлді. Ол өзінің жарық көруінің алғашқы жылында-ақ қазақтарды қара сөзбен ойларын әдемілеп жеткізуге үйретуді мақсат қылғанын ашып көрсетті [24, 15]. Фельетон айдарында көркем әңгімелер мен очерктердің үзбей жарияланып отырғандығы осыны дәлелдейді. Қазақ халқын прозалық шығармаларды талдап баға беру арқылы оларға мәдениеттіліктің, сауаттылықтың даму бағытын көрсетіп берді.

Көптеген қазақ жазушыларының есімдері дәл осы “Айқап” арқылы танылды. Өздерінің көркем шығарма қасиетін тез меңгеруімен қазақтың көркем проза жанрының пердесін ашып

берген М.Дулатов пен Ә.Ғалимовтың, Б.Майлин мен С.Торайғыровтың аттары да ең алғаш “Айқаптың” беттерінде атала бастады. Журналда жарияланған бұл жазушылардың шығармалары тілі мен көркемдік дәрежесіне қарай оқшауланады. Проза тілінің халықтық сипат алуына, әдеби стильдік қалыпқа түсуіне “Айқап” журналы елеулі үлес қосты. Осы кезең әдеби тілінің сипатына тоқтала келіп, профессор С.Аманжолов өзінің “Вопросы диалектологии и истории казахского языка” деген көлемді еңбегінде “Айқап” журналы туралы былай деп жазды: “Журнал қызметінің, оның қызметкерлері мен тілшілерінің тіл мәселесінде А. Құнанбаев пен Ы. Алтынсарин бағытымен жүргенін ерекше атау керек” [25, 302].

Қазақ баспасөзінің тілін тілші ғалымдардың арасында ең алғаш зерттеген ғалым Н.Қарашеваның мына сөздері жоғарыдағы келтірілген пікірді дәлелдей түседі: “Айқаптың” тілі ХХ ғасыр басындағы публицистика тілінің көрнекті үлгісі болды, сол кездегі алдыңғы қатарлы қазақ оқығандарының қазақ жазба тілін байытуға, дамытуға ұмтылғанын білдіретін бірден-бір дерек болды” [26, 258]. Өзінен бұрын шыққан бірсыпыра баспасөз орындарынан “Айқаптың” басты бір ерекшелігі қазақтың ауызекі сөйлеу тілін қолдануында десек, оның бұл сипаты журнал бетінде көлемді орын алған көркем проза тілі арқылы көрініс табады. Бұл ерекшелік жекелеген бейнелі сөз тіркестерінің мол ұшырасуымен баяндалады. Мысалы: *құмырсқадан үлгі алу* (“Жұмбақ әңгіме”, 1911, №8), *“тәңірінің тең жаратқан құлы”* (“Екі қыздың мұңы”, 1911, №12), *“тоты құс”*, *“малдың шылауына байлану”* (“Бір қазақ қызы”, 1911, №7), *“қызды жасынан беру”* (“Бейшара қыз”, 1912, №11) *“қысыр кеңеске кіру”*, *“жазғанның зәресін алу”* (“Болған іс”, 1915, №10), *“құран ұстап уәде беру”* (“Болыс боламын”, 1913, №1). Бұл сияқты ежелден қалыптасқан тұрақты көркемдегіш сөздер журналдың бүтін бойына жайылып, оның әдеби стильдік сипатын айрықша танытып тұрады.

“Айқап” прозасының көркем шығарма ретіндегі бейнелілік қасиеті табиғат көріністерінің сұлу суреттерін беруімен астасып жатыр. Әрине, көркем тілдің құдіретін дөп танушы кезкелген қаламгердің тілінде табиғаттың мың құлпырған көрінісіне айтарлықтай орын берілетіні сөзсіз. Соның ішінде табиғаттың

бейнесін шығарма құрылысы мен мазмұнына байланыстыра беру жазушының шеберлігін танытса керек. Бұл ретте “Айқапта” жарияланған Ә.Ғалимовтың “Бейшара қыз” әңгімесін атауға болады.

“Июль айы еді. Жайлауға жұрт жаңа көшіп келгендіктен, ауылдың әр тарапы көкорай шалғын, көзге көрінгеннің бәрі сүйкімді еді. Ерте тұрып атырапқа көз салған кісі рахаттанып, бытырап жайылып жатқан малдар һәм есіктің алдындағы айнадай жалтырап, жел, дауыл жоқ болғандықтан, дыбысын шығармай тып-тыныш қана таңның тәтті ұйқысында жатқан көл менен алты-жеті шақырым шамасындағы орыс поселкесінің қарасын көрер еді” (1912, № 11, 243-б). Мұнда ауылдың таңғы тып-тыныш келбетінің өзі ерекше бір сұлу, сымбатты қалыпта болатыны дәл жеткізілген. Оның көркемдігі *көкорай шалғын, таңның тәтті ұйқысында жату* деген образды тіркестермен сипатталған.

Табиғаттың көз тартар көрінісін беру арқылы оқушының назарын өзіне бірден аударатын келесі бір шығарма — “Айқаптың” 1913 жылғы 21-санында басылған көркем әңгіме. Әңгіме фельетон айдарында тақырыпсыз, тек соңында “М.М.” деп қол қойылып жарияланған. Сөз саптау мәнері мен тіл жұмсау ерекшелігіне және “М.М.” бүркеншік есіміне қарай шығарманы Б.Майлиннің қаламынан туған деп білеміз. (Жазушының баспасөз беттерінде осыған ұқсас “Б.М.”, “М.”, “Мен”, т.б. бүркеншік есімдері болғаны белгілі). Қаламгер әдебиеттерінің көрсеткішін құрастырушылар да бұл туындыны Б. Майлиндікі деп таниды [27, 14].

Шығарма бірден-ақ табиғат көрінісінің сұлу сипатымен ашылады:

“Жазғытұрғы жылы түн, дүние жүзі жаңа түрге кірді, тәңірдің көкте жауғызған мейірбаншылығымен жерден шыққан әдемі шөп, сұлу гүлдердің аңқып шыққан исі жан-жануарларды нұрға балқытып масайратуда еді” (440-б.). Масатыдай түрленген көк сүйріктердің арасында отырсаң, басында *қап тауындай қайғың болса* да бір тарқап, үміт, қиялдар аясына батар едің” (441-б.).

Автор жазғы даланың осындай көркем көрінісін беру үстіне оқиға мазмұнын аша түсетін бейнелі тіркестерді де аса тапқырлықпен қолданады. Мысалы, “Себепсіз жалқаулықтың

жайлы жастығына сүйеніп ұйықтаушылар сансыз көп еді” (441-б.). “Біреу бақан, біреу сойыл, әркім қолына түскен нәрсесін алып жылқыға қарай қанатсыз ұшты” (442-б.), т.б. Мұндағы “себеңсіз жалқаулықтың жайлы жастығына сүйену”, “қанатсыз ұшу” деген тіркестер – Б.Майлиннің өзіне ғана тән, өзіндік соны сөз саптаулары. Бұл бейнелі фразеологизмдер сол кездегі қазақ даласының натуралдық суретін дәл, айқын беріп тұр.

Б.Майлиннің табиғаттың сұлу суретін сипаттаудағы шеберлігі, сөз құрастыру ерекшелігі “Айқаптың” 1915 жылғы 10-санында жарияланған “Болған іс” атты әңгімесінде өз жалғастығын табады. Дала бейнесінің шығарма өзегіндегі автор ойымен сабақтасып, өзектесіп жатуы “Болған іске” де тән. Мысалы, “Суық қыстың ызғарымен жер өзінің түрі кеткендігін біліп, қарағанға көңілді қылу үшін ойын, қырын қызғалдақпен безей бастады. Алты айғы қыс жер үйінде жатып күн өткізген қазақ байғұстар да таза жерге шығып рахаттану үшін киіз үйлерін тігіп қырға шықты” (147-б.). Шығармадан кәсіби көркем проза тілінің қалыптаса бастағанын, дала, қоғам келбетін жасауда жазушының жаңа тілдік оралымдарға жиі барғанын көреміз. Көркем сөздің шұрайлылығына деген бұл талпыныс, бұл ұмтылыс жазушыны прозаның көлемді түрлеріне де алып келді. Өзінің бетінде көркем шығармаларын жариялап, насихаттаған, тілдік шеберлігінің шындалуына жол ашқан “Айқап” журналы дәл осы жылы Б. Майлиннің “Шұғаның белгісі” повесінің дүниеге келуіне негізгі ұйытқы болды. “Айқапта” қалыптасып, тұрақтана бастаған қазақ әдеби тілінің көркемдік жүйесі “Шұғаның белгісінде” кәдімгідей түрленіп, сымбатталып, қолдану аясы кеңейе түсті.

*“Ұшпалы сұр бұлттар көшкен керуен сықылды, тіркесіп оңтүстікке қарай жылжып ұшып, күннің көзі біртіндеп ашыққа шығып, жылы шырай нұрын шаша бастады. Әйткенмен, солдан соққан салқын жел өзінің өткірлігімен жұқа киімнен ызғарын өткізіп, тоңдырып, сентябрь айының жеткендігін жолаушыға еріксіз ойлатарлық еді” (6-б.).*

Табиғаттың тартымды да күрделенген нақышты көрінісін ашатын бұл жолдар көркем қарасөздің нағыз әдебилік тілде жазылғанын, тілдік тұлғалар жүйесінің айшықты құрылғанын